

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген басқа мемлекеттердің азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға медициналық-санитарлық көмек көрсетудің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 15 желтоқсан N 807 ("Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері", 2001 ж. N 2, ст.306) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 9 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1354. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының 6 бабын, "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 57, 59, 61-бабын және "Медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 135 қаулысын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН: Қараныз K090193; Қараныз P092136; Қараныз P 0 9 1 9 3 7

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген басқа мемлекеттердің азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға медициналық-санитарлық көмек көрсетудің ережелері б е к і т і л с і н .

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары, республикалық емдеу-алдын алу ұйымдарының, ҒО, ҒЗИ клиникаларының басшылары:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген басқа мемлекеттердің азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылып жүрген заңнамаға, және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 135 қаулысына сәйкес медициналық-санитарлық көмек көрсетуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы бұйрық денсаулық сақтаудың барлық органдары мен ұйымдарының мағлұматына жеткізілсін, жергілікті жерлерде орындалуы туралы жылына екі рет Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігіне ақпарат

Ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төрағаның бірінші орынбасарына жүктелсін .

Төраға
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау істері
жөніндегі агенттігінің
2000 жылғы 15 желтоқсандағы N 807
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген басқа мемлекеттердің азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға медициналық-санитарлық көмек көрсетудің ережелері

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында басқаша көзделмеген болса, денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының азаматтары пайдаланатын құқықтарды пайдаланады және міндеттерді мойнына алады.

Қ а р а н ы з К 0 9 0 1 9 3

2. Басқа мемлекеттердің азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне құқықтары бар.

3. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдарға жедел және шұғыл медициналық көмекті ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бойынша мемлекеттік тапсырысты орындайтын жақын жердегі кез келген емдеу-алдын алу ұйымдары қамтамасыз етеді .

4. Медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінен тыс медициналық қызметтерді көрсету үшін шетелдік азаматтарды қабылдау емдеу-алдын алу ұйымдарында шартты негізде жүзеге асырылады.

5. Шетелдік азаматтарды өтеусіз негізде емдеуге қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және халықаралық шарттардың негізінде көрсетілуі мүмкін.

6. Басқа мемлекеттің кез келген азаматы және азаматтығы жоқ адамы " Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Заңның 57, 59-баптарында көрсетілген аурулар болған жағдайда, медициналық

нұсқауларды сақтауға және мемлекеттік медициналық ұйымдарда тексеруден өтуге және емделуге міндетті.

Жалтарған жағдайда бұл адамдар мәжбүрлеп қуәландырылуға және емделуге (СПИД, туберкулез, карантиндік аурулар) тартылады, бас тартқан жағдайда заңнамаға сәйкес республикадан шығарылады.

7. Алдын алу емдері, оның ішінде отандық және шетелдік бактериялық, химиялық немесе басқа да дәрі-дәрмектермен егу Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес емдеу-алдын алу ұйымдарында жүзеге асырылады.

8. Осы ереже Қазақстан Республикасының аумақтық денсаулық сақтау органдары және ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдар орындау үшін міндетті.